

«Кен ауылының негізгі орта мектебі» КММ даярлық сынып мұғалімі
Абаханова Көркемнің
жылдық есебі
2023-2024 оқу жылы

Ақмола облысы Жарқайың ауданы Кен негізгі мектебіне даярлық сынып мұғалімі болып жұмыс жасап келемін. Маған мектепалды даярлық тобына жетекшілік ету міндеті жүктелді. Даярлық тобында 5 оқушы.

Әдістемелік тақырыбым: Мектепалды даярлық тобында жаңаша әдіс-тәсілдерді тиімді пайдалану жолдары арқылы оқушылардың сөйлеу, түсіну дағдысын қалыптастыру.

Өзін – өзі жетілдіру тақырыбым: Мектепалды даярлық тобында жаңаша әдіс- тәсілдерді тиімді пайдалану, үйрену жолдарың меңгеру.

Мектепалды даярлық тобы 5 сала бойынша жұмыс жасайды;

Денсаулық

Коммуникация

Шығармашылық

Әлеуметтік орта

Таным

Денсаулық саласы бойынша: Жыл басында балалар жүруді(тез, жылдам, аяқтың ұшымен, тізерлеп, жүгіру) біледі, бірақ баяу, сенімсіздік басым болатын. Қазіргі таңда балалар өздерін еркін ұстап жаттығудың түр-түрін жасауды біледі. Ойындар да үйренді.

Қатынас білім беру саласы бойынша: Жыл басында балалардың көпшілігі әріпті танымайтын, ойын ашық жеткізе алмайтын, ұяң болатын. Тілдері дұрыс дамымаған. Қазіргі таңда 42 әріп танып, дауысты-дауыссыз ажырата алады. Буындап оқи алады. Дыбыстық талдау жасай алады. Сөздерді оқи алады.

Шығармашылық білім беру саласы бойынша: Балалардың құзыреттілік көрсеткіштері өте жақсы, балалар әуенді мұғаліммен қосылып айта алады, мәтінді жылдам жаттайды, әуенімен орындай алады, әуенді жақсы қабылдайды. Өлең шумақтарды тез жаттай алады.

Әлеуметтік білім беру саласы бойынша: Барлық балалар өз беттерінше әрекет ете алады, достарымен сыныптастарымен жақсы қарым қатынаста.

Таным білім беру саласы бойынша: Балалар 1 - 20 ға » дейінгі сандарды таниды, 1 - 20 дейін оң және кері санай алады. Сонымен қатар пішіндерді таниды, ажырата алады. Қосу , азайту амалдарымен есептер шығара алады. Үлкен, кіші , тең амалдармен тапсырмаларды орындай алады.

12.02-23.02.2024 уақыт аралығында «**Бастауыш апталығы**» өткізілді .
Даярлық сыныппен 21.02 күні математика пәнінен «**Қарапайым мысалдар мен есептер шығарамыз**» атты ашық сабақ өткіздім. Сонымен қатар 1-4 сыныптар арасында сыныптан тыс іс-шара өтілді.
Болашақта балаларым жақсы жетістіктерді бағындырар деген үміттемін, ұстаз ретінде балаларға жаңаша әдіс –тәсілдерді қолдану арқылы оқуға, жазуға, жақсы мен жаман ажырата білуге ,үлкенге құрмет-кішіге ізет етуді үйрете білдім.